

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Рая Дәрменқұлова,¹ Мирамгүл Сарсембаева²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

(E-mail: rainur70@mail.ru)

Синтаксистік норма мәселелері

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі синтаксис жүйесіндегі норма мәселесі қарастырылады. Тіл мәдениетінің өзекті мәселесінің бірі – норма. Жүйелілік, реттілік болып табылатын норма тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория.

Баяндауыштық формада жұмсалатын етістікті сөз тіркестердің қолданылуы норма тұрғысынан талданып, сипаттама беріледі. Сондай-ақ, синтаксис жүйесіндегі нормалар туралы айтқанда аналогияның да ықпалы сөз болады. Өзара синонимдес келетін формалардың бірі аналогия заңдылығынан пайда болады.

Әрбір синтаксистік тұлғалардың синонимдік варианттарының болуына қарамастан олардың қолданылу нормасы бар. Синтаксистік тұлғалардың нормасы ең алдымен олардың тіркесу, жұмсалу ерекшеліктері грамматикалық қасиеттермен және жүйелілік қатынастармен анықталады. Осы мәселе де мақалада кеңінен қарастырылады.

Түйін сөздер: синтаксистік норма, құрылым, тілдік норма, баяндауыш, әдеби тіл, көркем әдебиет

DOI: <https://doi.org/10.71078/w76hgp85>

Түсті: 8.06.2025; Мақұлданды: 15.06.2025; Онлайн қолжетімді: 21.06.2025.

Кіріспе

Белгілі дәрежеде жазу нормасына табан тірейтін әдеби тіл қаншалықты өңделген тіл болғанымен, ол әр түрлі дәуірге байланысты тарихи өзгерімпаз болады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жасаған әдеби тіл мен бүгінгі әдеби тілді бірдей деп айта алмаймыз. Олардың жалпы желісі, қолданылу аясы мен пайда болуы, түбегейлі нұсқасы мен сипатталу ерекшеліктері, жалпы алғанда бірдей болып жатқанмен, жетілу барысы мен өсу дәрежесі, стильдік сферасы мен табиғи мүмкіндіктері біркелкі келе бермейді.

Әдеби тілдің тарихы оның қалыпты дамуы негізінде, яғни пайда болу, даму, өзгеру, таралуының және жалпы тілдік норманың тұрақталуы негізінде қаралуы мүмкін. М.П. Сенкевичтің пайымдауынша, тілдің дамуы және оның қызметі экстралингвистикалық, тілден тыс өзара қарым-қатынасымен (қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени) және интерлингвистикалық, тіл ішіндегі факторлармен анықталады (Сенкевич, 1976: 10).

Бүгінгі қазақ әдеби тіліндегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық нормалар бірден қалыптаса қалған жоқ. Олар біртіндеп даму үстінде болды.

Тілде дамымай, өзгеріске ұшырамай бір қалыпта тұратын мәңгілік еш нәрсе жоқ, бәрі де өзгереді, дамиды. Мұндай құбылыс синтаксис жүйесіндегі категориялардың барлығына да тән. Олар алдымен сөздердің, яғни сөз таптарының бір-бірімен тіркесімділік

қасиетіндегі құбылыстардан, синтаксистік элементтерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін амал-тәсілдердегі, формалардағы алуан түрлі жайттардан, грамматикалық формалардың мағыналары мен функцияларындағы өзгерістерден байқалады. Соның нәтижесінде сөздердің синтаксистік байланысында кездеспейтін жаңа қатынастар, жаңа тіркестер туып, қалыптасады. Бір кезеңдегі грамматикалық формалар орнына жаңа формалар ауыстырылып, өзгерістер, өсулер болады.

Зерттеу әдістемесі

Қазақ әдеби тілінің әр түрлі даму кезеңінде түрлі нормалар болды. Айталық, XVIII ғасырдағы «кітаби» ақындар тілінде, хандар жарлықтарында ескі өзбек әдеби тілінің нұсқалары норма болса (үшбу, міллат, уағада, һәм т.б.), Абай ақынның заманында араб-парсы сөздерін, шағатизмдерді өзгертіп қазақша айту, қазақ тілінің дыбыстық заңына лайықтап қолдану бағыты күшті болды. Осылайша норманың өзгеруі немесе жойылуы, жаңа норманың пайда болуы аз уақыттың ішінде тез орнай алмайды. Ол белгілі бір уақытты қажет етеді.

Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы болумен бірге, пікір алысатын, бір-бірін түсінісетін құралы. Тілдегі әрбір бірліктер – сөз, сөз тіркесі, сөйлем қандай да болсын белгілі бір ұғымды, мағыналы ойды білдіреді. Осы тұлғаларды пайдаланып, оны үнемі жетілдіруге ұмтылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Тілдегі өзгерістерге психологиялық факторлардың әсері туралы Г. Пауль қызықты пікір айтады. Оның пікірінше, «Психикалық организм әрбір жеке адамда үнемі өзгерісте болып, әрбір адамда өзінше дамып, өзіне тән форма алады» (Пауль, 1960: 48-49).

Синтаксистік құрылыстың дамуына, қалыптасуына белгілі рөл атқаратын әр алуан факторлар болады. Солардың ішінде жалпы тілдің, соның ішінде синтаксистің де дамуына ең негізгі себеп қозғаушы күш болатын факторлар бар. Олардың қатарына белгілі бір тілде сөйлейтін қауымның тілді өз ойын анық, толық етіп бере алатын икемді, орамды, көркем бай тіл дәрежесіне жеткізу, дамыта беру, тілдік нормаларды қалыптастыра беру талабы жатады. Бұл талап – тілдің өмір сүруіндегі ең бір шешуші, басты қажеттілік.

Белгілі бір тілдің нормасының қалыптасуына, оның қызметіне, ілгері тарихи тұрғыдан дами беруіне әр алуан оқиғалар, этномәдени орта мен тілдік қарым-қатынастар – бәрі де тұтас алғанда өз әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондай-ақ қазақ тілі функциясының артуы, сөздік құрамының баюы, басқа тілдерден жаңа сөздердің көптеп енуі, жаңа тіркесімдердің пайда болуы нормаға елеулі әсерін тигізеді.

Норманың қалыптасуына аналогия заңының да айтарлықтай ықпалы болады. Аналогия нормада бар қолданыстағы тұлғалардың әсерін кеңейтіп, олардың сферасына жаңа лексикалық бірліктерді қатыстырады және оларды нығайтады. Алдымен ол бір грамматикалық категорияны қамтиды. Аналогия (грек. *analogia* – сәйкестік, ұқсастық, мөлшерлестік) дегеніміз – тілдің бір бірлігінің (единицасының) басқа бірлігіне формальдық немесе семантикалық жағынан ұқсастыру процесі я болмаса бірліктердің бір жағындағы ұқсастықты екінші жұбына ауыстыру болып табылады. Аналогия тіл қызметіндегі бір құрылымдық үлгіні сол негізде жаңа бірліктер жасау үшін қолданылады.

Тіл білімінде бірнеше еңбектер жазып, аналогия туралы ғылыми пікір айтқан Фердинанд де Соссюр «Труды по языкознанию» атты зерттеу еңбегінде аналогия табиғатына байланысты мынандай пікір айтады: «Аналогияның әрбір фактісі – бұл үш қатынасушы жақ қатысатын оқиға: 1) дәстүрлі, заңды мұрагерлік (наследственный) тип; 2) конкурент; 3) осы конкурентті құрған ұжымдық персонаж» (Соссюр, 1977: 197). Бұдан байқайтынымыз аналогияға енетін әрбір фактіге әсер етуші үш жақ қатысады. Соның

нәтижесінде дәстүрлі форма ықпалынан жаңа форма пайда болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Даму процестері ең алдымен тілде қалыптасқан қолдану нормалар жүйесін, тіл бірліктерін ұйымдастыруды қамтиды. Кейбір тұлғалардың (-мыш, -маққа керек, -уға керек т.б.) қолданылу шегі тарылса, уақыт өте келе жаңа формалар пайда болып, тіл құрамына енеді. Тілдің даму барысында бірде екі түрлі ұғымның бірте-бірте жақын мағынаға ие болуының нәтижесінде оны (ұғымды) білдіретін әр түрлі тұлғадағы сөз тіркестері синоним бола бастаса, енді бірде ұқсату (аналогия) немесе элипсис сияқты процестер параллель сөз тіркестерін тудыруға негіз болады, бірде ондай құбылыс тілдің әсерінен туады.

Нормалау бағытын жеделдетуді қажет ететін мынадай жағдайлар бар:

1. Жарыспа тұлғалардың болуы;
2. Терминдер жүйесіндегі орын алған жүйесіздік (бірнеше варианттылық);
3. Аударма жұмысындағы кемшіліктер;

Жарыспа тұлғаларға синоним ретінде жұмсалып, стильдік қажеттіліктерді өтейтін дербес бірліктерді жатқызуға болады. Қазіргі тілімізде жарыса айтылып жүрген тұлғалардың мағыналары бір болғанымен жасалуында, кейде ептеген мағыналық айырмашылықтары болады. Жарыспа тұлғалардың стильдік реңкі анықталып, қазіргі әдеби тілімізден өз орнын алуы үшін баспасөзде, сөз шеберлерінің шығармаларында жарасымды орын табуының маңызы зор.

Неғұрлым адамдар қай салада, қай тақырыпта болмасын араласқан сайын, тілдің әлеуметтік қызметі кеңейе түседі, әдеби тіл мәдениетінің өсе түсуіне, жетіле беруіне өз ықпалын тигізеді, соғұрлым оның қажеттілігі де артады. Ғалым З. Ерназарованың сөзімен айтқанда, адамдар арасындағы қарым-қатынас тілдің синтаксистік құрылысының қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді (Ерназарова, 2011: 98).

Адам тіл арқылы өз ойын біреуге түсінікті етіп жеткізу үшін, тілдік тұлғалардың тіркесу амалдарын білу керек. Сонда ғана дыбыс та, сөз де белгілі бір ойды білдірудің маңызды құралы бола алады. Тілдің әртүрлі жақтары және ондағы бірліктер (единицалар) өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Профессор Г. Смағұлова лексикалық мәндес сөздердің бір-бірінің орнына өзара синоним ретінде жұмсалуды олардың бірнеше ерекшеліктеріне қарай анықтайды:

- Сөздердің лексикалық мағына жақындығы.
- Стильдік қолданылуына қарай ұғым немесе түсінік теңдігінің сақталуы.
- Мағына жақындығына қарай сөздердің тіркесімділік қасиеті.
- Кейде сөздердің лексикалық мағыналары арасындағы дәлдіктің (абсолюттілік) сақталуы (Смағұлова, 1998: 10).

Кейбір тіркестердің бір-бірінің орнына қолданылып тілде жарыса, қатарласа өмір сүріп мұқтажын өтеп жататын тұстары да болады. Синонимдес сөздердің бірінің орнына бірінің айтылуы арқылы жасалған варианттардың жұмсалуды табиғи нәрсе.

Баяндауыштық формада жұмсалған етістікті сөз тіркестерінің көркем әдебиеттерде, ауызекі сөйлеу тілімізде де, жазу тілімізде де бір тұлғаның өзіне ұқсас, мағыналас сөздермен әр мақсатта, әр стильде айтылып, қолданылатыны мәлім. Сырт қарағанда кей сөз тіркестері бір-бірінен айнымай жұмсалатын сияқты көрінгенмен контекстегі, сөйлем ішіндегі орнына қарай ауыстырып, түрлендіріп айтуға болатынын байқатады. Салыстырып көрейік:

1. Артық бүлінбейсің де, еңбегің де зая болмайды (Ж. Аймауытов).
Артық бүлінбейсің де, еңбегің де зая кетпейді.
2. Түсінікті болса, осымен сөз тамам (Қ. Қамбаров).
Түсінікті болса, осымен сөз бітті.

3. Бағанағы бір шақта Әйгерімнің көмейінен ән тұрғанын Абай аңыстаған (М. Әуезов).

Бағанағы бір шақта Әйгерімнің көмейінен ән тұрғанын Абай байқаған.

4. Бірін-бірі өлімнен құтқарғаны өмірі естерінен қалмады (Ж. Аймауытов).

Бірін-бірі өлімнен құтқарғаны өмірі естерінен кетпеді.

Келтірілген сөйлемдердегі баяндауыштық тұлғалардың дағдылы қолданыстан біраз басқашалығы бірден көзге көрініп тұр. Десек те кейбір тұлғалар жиі қолданысқа түсіп үйреншікті сипат алып, қалыпты заңдылыққа сәйкес келетін дәрежеге жетуі де мүмкін. Сөздердің тіркесу процесінің бір қалыпты болып отырмай, ондағы құрылымдық бөлшектерінің өзара динамикалық қатынаста болатындығымен өзгешеленеді.

Жоғарыда келтірілген сөйлемдерді аяқтап тұрған баяндауыштық тұлғалардың орнына басқа сол мағыналас сөз қою арқылы бір мағынадағы амалдық қатынастың әр түрлі реңкін беруге болады.

Мәселен, *зая болмайды – зая кетпейді, сөз тамам – сөз бітті (сөз аяқталды), Абай аңыстаған – Абай байқаған, естерінен қалмады – естерінен кетпеді* деп өзгертіп айтатын болсақ, мұндағы мағыналардың жалпы ұғымы бір. Алдыңғы күйіндегі түрімен салыстырғанда, соңғы синонимдік конструкция құрауға қатысқан тұлғалардың мағыналық күші басымдау. Бұл баяндауыштар сырттай әртүрлі болып келгенімен мағыналары жағынан бір-біріне жақындау. Бұлай қолдану да норма. Өйткені осылай екі түрлі құрылыста айтылған сөз тіркестерінің бірі негізгі болғанымен, екінші кездейсоқ ауытқу емес, белгілі стильдік, мағыналық жүгі бар, өте жиі кездесетін грамматикалық құбылыс. Қалай болғанда да өз мағынасынан қашықтап кетпейді. Бір байқалатын жай – сөйлемді аяқтауға қатысып отырған мұндай етістіктер, негізінде, көркем әдебиеттегі қолданысқа тән. Сондықтан ақын-жазушылардың шығармаларында ұшырасып отырады.

Профессор Г. Смағұлова мағына тепе-теңдігі сақталған синоним сөздер туралы айта келіп, былай ой қорытады: «Мағына тепе-теңдігі дегеніміз – семантикалық және экспрессивтілігі жағынан сөздердің тең түсуі. Алайда бұған қарамастан, сөздердің іштей мағына жақындығы синонимнің басты қасиеті екеніне ешкім шек келтірмейді» (Смағұлова, 1998: 8). Сөйлемдердің синоним болып өзара алмасып қолданылуы ана тіліміздің байлығын арттыруға қызмет ететін факторлардың бірі болып табылады.

Мәтін ыңғайында мағыналас сөздерді бірінің орнына бірін емін-еркін ауыстырып қолдана берудің мүмкіндігі әрдайым бола бермейтініне тілдік фактілер куә. Кейбір жағдайда мағына жақындығы сезіліп тұрса да, кейде стильдік ерекшеліктеріне қарай, едәуір айырмашылықтар, сәйкессіздіктер байқалады. Сол сияқты синоним сөздерді бірінің орнына бірін ауыстырып қолдану барысында сөздердің мағына жақындықтары болады.

Сөз де қиюластырып қалаған кірпіш сияқты байлауын тауып ұстауды, шебер орнымен қолдануды керек етеді. Ана тілінің синонимдік байлығын жете білу арқылы ғана көңілдегі көрікті ойды барлық реңктерімен өз мәнінде дәл, әрі анық етіп жеткізуге болады. Сөз логикалық дәлме-дәлдігімен, ойдың қажетті реңкін нақ дұрыс көрсетуімен мәнерлік сипатқа ие болады (Смағұлова, 1998: 334).

Тілдің жан-жақты даму кезеңінде тіл мәдениетін, сөз қолдану мәдениетін берік сақтауға, анығырақ айтқанда, тілдің ішкі заңына қарай сөздерді дұрыс іріктеп қолдану, стильдік ерекшеліктерді орынды пайдалана білу, айқын ойлап, дәл айту, сондай-ақ, сауатты жазып, дұрыс оқи және сөйлей білу мәселесіне айрықша көңіл бөлініп отыр.

Қазақ тілінде де түркі тілдері сияқты кейбір грамматикалық тұлғалар сөз ыңғайына қарай жалғанып, не түсіріліп қолданылады. Мұны, әсіресе, қазақ тіліндегі жалғаулардан байқауға болады. Сөйлемдегі сөздердің қосымшалы және қосымшасыз формада қолданылуы жиі кездеседі. Мысалы:

1. Сендер өз ауданың, өз жеріңдесің (М. Әуезов).

2. – Апыр-ау, есім шыққаны-ау, өздерің кімсің, азаматтар? (М. Әуезов).

Автор бірінші сөйлемде айтылу керек тәуелдік, септік және көптік жалғауларын түсіріп қолданған. Ал, екінші сөйлемде көптік жалғауы түсірілген. Бұл жерде жазушының белгілі бір мақсатта түсіріп жұмсағаны көрініп тұр. Қосымшалардың тиісті орында бірде қолданылып, бірде қолданылмауы тілдің қазіргі даму сатысында кездейсоқ бірлі-жарым құбылыстарға жатпайтыны ақиқат. Қосымшалардың контексте түсіп қалуының да өзіндік заңдылықтары бар, қосымшаларды кез келген жерде түсіріп айта беруге келмейді. Сондықтан қандай құрылымда, қандай тіркесте, қандай жағдайда түсіріп айтуға болатынын немесе болмайтынын анық білу қажет-ақ.

Жіктік жалғаудың түсіріліп жұмсалыуына назар аударайық:

1. Степан басын шайқай қайырды жауапты:

– Біз жай қыдырушылар (Ғ. Мұстафин).

2. Мына арнаны қазып жатқан сен емес пе? – деді (А. Сейдімбеков).

3. Бір мезгілде құлағына ұйтқып соққан желмен бірге ұлып тұрған қасқыр(дың) даусы естілді (М. Әуезов).

4. Сарыбала кімнің сөзіне сенерін білмей, дел-сал күйде жүргенде бір күні көшеде кенеттен зор оқиға(ға) кездесті (Ғ. Мұстафин).

Жоғарыда келтірілген мысалдардың бірінші сөйлемінде жіктік жалғауының 1-жақ көпше түрінің қосымшасы, екінші сөйлемде жіктік жалғауының 2-жақ жекеше түрінің қосымшасы түсіріліп берілген. Үшінші және төртінші сөйлемдерде септік жалғаулары түсіріліп берілген. Бұлардан басқа мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл жерде барыс септік жалғаудың түсіп қалып жұмсалыуы табыс септік пен ілік септік жалғауларына қарағанда өте сирек кездеседі және олардан ерекшелігі байқалады.

Кейбір септік жалғауларын түсіріп айту да стильдік мотивпен келеді. XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулардың көркем сөз үлгілерінде табыс, ілік, барыс септіктердің жалғаулары түсірілмейтін тұстарда түсірілген сәттері бар. Мысалы:

Арғымағың(ды) жамандап,

Тұлпар(ды) қайдан табарсың (Асанқайғы).

Мұндай жағдайды өлең жырлардың шартынан туған ерекшеліктер: тармақтағы буын санының өлшеміне қарай бұл жалғаулар қосылып та, түсіріліп те қолданылады.

Тілдің грамматикалық құрылысында болатын құбылыстар заңдылықтарға айналатыны, тіл дамуынан орын алатыны анық. Олардың ерекшеліктерге ие болып, мағынасы да, қолданылу аясы мен мүмкіндігі де күрделенуі заңды.

Тілдің құрылымдық табиғи нормалары негізінен қай кезеңде де тұрақты келеді. Кейбір жағдайда ішінара тілдің құрылымдық заңдары да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Қазан төңкерісіне дейінгі көркем әдебиет стилінде қазіргі әдеби тілімізден ерекше кейбір синтаксистік құрылымдар, жалғаулықтар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде үшін, туралы шылаулары XX ғасырдың 20-30-жылдарына дейін ілік септіктегі сөзбен меңгеріліп жұмсалған: *менің үшін, оның үшін, соның үшін, баланың турасында < баланың туралы*. Мұндағы үшін шылауы сол дәуірдегі көркем әдебиет тілінде бірінші, үшінші жақтардағы жіктеу, сілтеу есімдіктерге, кейбір бұйрық рай етістікпен де тіркесіп қолданылған (Ерназарова, 119).

Оның үшін құрылымы қазіргі тіліміздегі себеп, салдар мағынасын білдіретін *себебі, өйткені, сондықтан* жалғаулықтарының қызметінде қолданылады. Ал *соның үшін* құрылымы қазіргі тіліміздегі *сол себепті, сондықтан* жалғаулықтарының мағынасында жұмсалады. Қазіргі норма бойынша *мен үшін, сол үшін, бала туралы* деп атау тұлғасындағы сөзбен қабысады. Сондай-ақ үшін шылауы *-у тұлғалы етістікпен* де тіркесіп жұмсалады: *оқу үшін, тыңдау үшін*.

Қазіргі әдебиеттерде ара-тұра үшін шылауының орнына барыс септігінің жалғауы да қатарласып жұмсалады, бірақ екеуінің синтаксистік қызметі бірдей емес: *көру үшін келдім – көруге келдім*.

Мысалы:

1. Қаракесекке кеткен малымды қайтарып *алуға (алу үшін)* қауқарым жетпейді емес (А. Сейдімбеков).
2. Майбасар дәл намаз үшін (*намазға*) онша асыға қоятын тәрізденбеді. (М. Әуезов).
3. – Әрине, бұлар *Отанға керек (Отан үшін керек)*, сол үшін біз осында жүрміз, сол үшін жалақы аламыз (І. Есенберлин).

Қазіргі нормада екеуі де қолданыста бар.

Адам ойын толық жеткізуге мүмкіндік беретін сөйлемнің орны ерекше. Сөйлем – синтаксистің ең күрделі, ең негізгі единицасы бола келіп, адамдардың бір-бірін түсінуге, өзара сөйлесуіне қажетті көпір.

Б.А. Серебренников тілдің фонетикалық және грамматикалық жағынан дұрыс құрылуына назар аударып, мынадай пікір білдіреді: «Сөйлемдерді құру ережелері тілдік құрылымдар мен коммуникативтік үлгілерді құрудың арнайы заңына бағынады. Сөйлеу тілі оның таза механикалық қызметінен шығатын өзіндік ерекшеліктеріне ие болады» (Серебренников, 1980: 62).

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасы орын алатын тұстары байқалады. Мәселен, сөйлем баяндауышпен аяқталмай, өзге тұрлаусыз мүшелермен аяқталып, баяндауыш пен оған тәуелді тұрлаусыз мүшенің орындары ауысып қолданылатын тұстары болады. Мысалы:

1. Ауылнай болып атқа мінген бір кезде (М. Шаханов).
2. Мағашқа жаңағы сөзді үйреткен өзі (М. Әуезов).
3. – Ол кісіні білем мен, бірінші класта оқытқан мені (Ә. Әлімжанов).

Мұндай орын алмастырып қолданылу нормаға жатпайды. Сөйлемдер қазақ тілі синтаксисінің табиғатына үйлес, орын тәртібі сақталып құрылады. Жоғарыдағыдай бұл тәртіптің бұзылу фактілері әдеби тілдің прозалық стилінің синтаксисіне ауызекі сөйлеу нормасының әсері болса, екінші жағынан жазушының жеке стиліне байланысты.

Сөздер бір-бірімен ретсіз тіркесімге енбейді, олар тек мағыналық тұрғыдан жақын, орайлас болғанда ғана тіркеседі. Синтаксистік тіркесімділіктің заңдылығы негізінде бағыныңқы мен басыңқы сыңарларының өз орны, жұмсалы мүмкіншілігі болады.

Көп жағдайда басыңқы сыңар қызметіндегі сөз бағыныңқының белгілі қосымшаларды жалғауын қажет етеді. Мәселен, басыңқы қызметіндегі сабақтас етістік бағыныңқының табыс септігінде ашық немесе жасырын тұрып та, тура объектіні білдіруін қалайды. Мысалы: *Ауруды тексерді, шайды ішті, қымыздан ұрттады*. Бұл мысалдардағы табыс септіктің орнына шығыс септігінің де жұмсалыуы болады. Мұндайда тура объектінің толық емес, оның белгілі бір бөлшегі қозғалысқа (шайды толық емес, жартылай немесе аздап ішкендігін, бір ыдыстағы қымызды түгел емес, аз немесе көп бөлігін ұрттағандығы сезіледі) түскен деп түсінген жөн.

Мұндай реттерде тек табыс септігі емес, шығыс септігінің болжауы арқылы да тура объектіні білдіруге мүмкіндік бары байқалады. Бұл тек екі септікте болатын құбылыс емес. Ол меңгеріле байланысатын сөз тіркестеріне тән.

Тіркесімдегі басыңқы қызметте етістік болғанда, бағыныңқылардың белгілі бір септік жалғауында келетіндігі белгілі. Айталық, қозғалыстың басталар сәтін, шығу орнын білдіргенде, шығыс септігінің (*жұмыстан келді, шөптен жасайды*), мекенді білдіргенде жатыс септігінің (*үйде отыр, университетте жүр*), сондай-ақ қозғалыстың тоқтау шегін, бағытын білдіретін етістік барыс септігінің жалғауларын (*Астанаға кетті, үйге барды*) керек етеді.

Профессор С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» атты еңбегінде тілдік құрылымның жоғары дәрежедегі деңгейлік сипатын былайша көрсетеді: «Тілдің грамматикалық құрылысы тіл деңгейлерінің көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әрі күрделісі, әрі ауқымды екені даусыз. Өйткені тілдің қоғамдық

құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, атқаратын қызметіндегі сан алуан жүктері, даму барысындағы диалектикалық заңдылықтары – бәрі-бәрі тілдің грамматикалық құрылысынан анық көрінеді» (Исаев, 1992: 3). Ғалымның сөзінен тілдің грамматикалық құрылысының, атқаратын қызметінің күрделі екендігін байқаймыз.

Қорытынды

Синтаксистік нормаларды саналы түрде жетілдіру, тіл мәдениетін арттыру мақсатының қолға алынуы, тіліміздің синтаксистік жүйесінің дамуына жаңа мүмкіндіктер тудырды.

Норманың негізгі қызметін былайша көрсетуге болады:

1. Бірнеше (жарыспа) тұлғалардың ішінен біреуінің қалыптасуына жол ашады;
2. Әр түрлі стильдік тармақтардағы бұрыннан бар және жаңа сөздерді пайдалана отырып, олардың қолданылу аясын кеңейтеді;
3. Тілдің дамуына әсер етіп, жаңа сөз бен тіркестер тудырудың барлық тәсілдерін (сөз мағынасының кеңеюі, қосымша жалғау, тіркесу, бірігу т.б.) пайдаланады;
4. Сөздердің жиілігін анықтауға мүмкіндік береді;
5. Ғылым, техника, оқу ағарту, тұрмысқа т.б. байланысты жаңа атаулардың қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- Балақаев, М., Сыздықова, Р., Жанпейісов, Е. (1968). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: Мектеп.
- Болғанбаев, Ә. (1970). *Қазақ тіліндегі синонимдер*. Алматы: Ғылым.
- Ерназарова, З.Ш. (2001). *Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері*: Филол. ғыл. док. дис. Алматы.
- Исаев, С. (1992). *Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар*. Алматы: Ана тілі.
- Пауль, Г. (1960). *Принципы истории языка* / Пер. с нем. Москва: Изд. иностр. лит.
- Сенкевич, М.П. (1976). *Стилистика научной речи и литературное редактирование научных произведений*. Москва: Высшая школа.
- Серебренников, Б.А. (1980). Фонетический и грамматический строй языка и история народа / В кн.: *Проблемы современной тюркологии*. (С. 60-67) Алматы: Наука.
- Смағұлова, Г. Н. (1998). *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері*. Алматы: Ғылым.
- Соссюр, Ф. (1977). *Труды по языкознанию* / Пер. с франц. Москва: Прогресс.

References

- Balakayev, M., Syzdykova, R., & Zhanpeisov, E. (1968). *History of the Kazakh literary language*. Almaty: Mektep. [in Kazakh]
- Bolganbaev, A. (1970). *Synonyms in the Kazakh language*. Almaty: Gylым. [in Kazakh]
- Ernazarova, Z. Sh. (2001). *Pragmatic foundations of syntactic units in Kazakh spoken language* (Doctoral dissertation in philology). Almaty. [in Kazakh]
- Isaev, S. (1992). *Basic grammatical concepts in modern Kazakh*. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
- Paul, G. (1960). *Principles of the history of language* (Translated from German). Moscow: Foreign Literature Publishing House. [in Russian]
- Saussure, F. (1977). *Works on linguistics* (Translated from French). Moscow: Progress. [in Russian]

Senkovich, M. P. (1976). *Stylistics of scientific speech and literary editing of scientific works*. Moscow: Vysshaya shkola. [in Russian]

Serebrennikov, B. A. (1980). Phonetic and grammatical structure of the language and the history of the people. In *Problems of modern Turkology* (pp. 60–67). Almaty: Nauka. [in Russian]

Smagulova, G. N. (1998). *National-cultural aspects of synonymous phraseologisms*. Almaty: Gylym. [in Kazakh]

Raya Darmenkulova,¹ Miramgul Sarsembayeva²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan*

(E-mail: rainur70@mail.ru)

Problems of Syntactic Norm

Abstract. The article examines the issue of norms in the syntactic system of the Kazakh language. One of the key issues in speech culture is linguistic norms. Norms, representing systematization and order, function as both linguistic and social categories that appear in all forms of language use.

The article analyzes the use of verb phrases in the predicative form from the perspective of linguistic norms and provides their description. The influence of analogy is also discussed when addressing norms in the syntactic system. Some synonymous forms emerge due to the law of analogy. Despite the existence of synonymous variants of each syntactic unit, their usage follows specific norms. Syntactic norms are primarily determined by the combinability and usage features of syntactic units, as well as their grammatical properties and systemic relations. This issue is explored in detail in the article.

Keywords: syntactic norm, structure, linguistic norm, predicate, literary language, fiction.

Рая Дарменкулова,¹ Мирамгуль Сарсембаева²

¹*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

²*Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан*

(E-mail: rainur70@mail.ru)

Проблемы синтаксической нормы

Аннотация. В статье рассматривается вопрос нормы в системе синтаксиса казахского языка. Одной из актуальных проблем культуры речи является норма. Норма, представляющая собой систему и упорядоченность, является языковой и социальной категорией, проявляющейся во всех формах употребления языка.

Рассматривается употребление глагольных словосочетаний в предикативной форме с точки зрения нормы, даётся их характеристика. Также при обсуждении норм в системе синтаксиса затрагивается влияние аналогии. Некоторые синонимичные формы возникают под влиянием закона аналогии.

Несмотря на наличие синонимических вариантов каждой синтаксической единицы, их употребление регулируется нормой. Синтаксическая норма определяется, прежде всего, особенностями сочетаемости и употребления синтаксических единиц, их грамматическими свойствами и системными отношениями. Этот вопрос также широко рассматривается в статье.

Ключевые слова: синтаксическая норма, структура, языковая норма, предикат, литературный язык, художественная литература.

Авторлар туралы мәлімет:

Дәрменқұлова Р. – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Сарсембаева М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

Information about authors:

Darmenkulova R. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Sarsembayeva M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M.Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

Сведения об авторах:

Дарменқұлова Р. – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4433-3581>

Сарсембаева М. – кандидат филологических наук, доцент Таразского университета им М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9746-3455>

